**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті**
**Тарих факультеті**
**Дүниежүзі, тарихнама және деректану кафедрасы**

**«Тарихнама» пәні бойынша**
**қорытындылаушы емтихан бағдарламасы**

**Мамандық 6В02205-тарих**
**Оку түрі: күндізгі, 5 кредит, 3-курс**

**Алматы**
**2023ж.**

Бағдарламаны 6В02205-тарих мамандығының жұмыстық оқу жоспары мен білімдік бағдарламаның пәндер каталогы негізінде жасаған т.ғ.д., профессор Т.Ә. Төлебаев

Дүниежүзі, тарихнама және деректану кафедрасы мәжілісінде қаралған және ұсынылған

«___» ______________________ 2023ж. Хаттама №

Кафедра меңгерушісі Р.С. Мырзабекова

Факультеттің әдістемелік кеңесі ұсынған

«___» ______________________ 2023ж. Хаттама №

Әдістемелік кеңес төрайымы Е.Т. Қартабаева

**Қорытындылаушы емтиханның өтілу түрі – жазбаша дәстүрлі**
**Дәстүрлі –сұраққа жазбаша жауап беру**

## Қорытындылаушы емтихан бағдарламасы

**Тарихнаманың тарих ғылымындағы орны**

Тарихнама ұғымы туралы. Тарихнаманы оқып-үйренудің маңызы мен ерекшеліктері. «Тарихнама» пәнінің мақсаты мен міндеттері. Тарих және тарихнама: салыстырмалы талдау. Тарихнамалық факт және тарихнамалық дерек

**Тарихнама және методология**

Методика, метод және методология ұғымдары. Методологиялық бағыттар туралы. Методологияның тарихи зерттеулердегі орны. Методология және Қазақ тарихы мәселелері

**Ежелгі парсы, қытай, грек зерттеушілері Қазақстан тарихы туралы**

Бехистун жазбаларындағы сақтардың сипаттамасы. Накши Рустамдағы, Персопольдегі сақтар бейнесі. Қазақстан ежелгі қытай жазбаларында. Геродот сақ-скифтер туралы. Страбон сақтар жөнінде

**Тас және қола дәуірлерінің зерттелуі**

Тас ғасырының зерттелуі. Қазақстандағы тас ғасырын зерттеушілер. Қазақстанның қола дәуірінің зерттелуі. Ежелгі сақтар, үйсіндер, қаңлылар, аландар, ғұндар тарихының зерттелуі

**Көне түркі дәуірі тарихи еңбектерде**

Түріктердің арғы тегі туралы мәселе. Үйсіндер мен қаңлылар тарихының зерттелуі. Түрік жазуларының шығуы мен қалыптасуы туралы мәселе. Көне түрік жазбалары түрік қағандығы туралы

**Ертеортағасырдағы Қазақ тарихы туралы еңбектер**

Ертеортағасырлық мемлекеттер (YI – X ғғ.) тарихы туралы еңбектер. М. Қашқари Ұлы дала халықтары туралы. Әл-Фарабидің тарихи ойлары мен тұжырымдары. Рум авторлары және қазақ тарихы мәселелері. IX-XII ғғ. араб және парсы зерттеушілері қазақ даласындағы елдер туралы

**Шетелдік және отандық зерттеушілер ХШ-ХҮП-ғғ. Қазақ тарихы туралы**

XIII-XYII ғғ. Қазақ тарихы араб зерттеушілері еңбектерінде. Парсы зерттеушілері ортағасырлық Қазақ тарихы жөнінде. «Бабырнама» және қазақ тарихы мәселелері. «Тарих-и Рашиди» және қазақ тарихы. Шежірелердегі тарих (Қ. Жалайыр, Өтеміс қажы, Әбілғазы)

Еуропалықтар ортағасырлық Қазақ тарихы жөнінде

**XYШ-XIX ғғ. Қазақ тарихы орыс зерттеушілері еңбектерінде**

І және ІІ академиялық экспедициялар туралы. А. Левшин қазақ тарихы туралы. В. Татищев түркі халықтары жөнінде. В. Бартольд еңбектеріндегі Қазақ тарихы мәселелері. Қазақ этнологиясы орыс зерттеушілері еңбектерінде

**XX-ғ. басындағы ұлттық тарихи ойдың дамуы**

Ш.Уәлиханов қазақ тарихы туралы. М.Ж. Көпеев: тарихи көзқарастары. Ә. Бөкейхановтың тарихи ойлары. Шәкәрім шежіресі. Ғ. Мұсағалиев – тарихшы

**Таптық-партиялық көзқарастардың орнауы және Қазақстан тарихы**

1920-1930 жылдардағы еркін тарихи тұжырымдар (Т. Рысқұлов, Қ. Кемеңгерұлы, А. Чулошников, П.Галузо, Г. Сафаров, және т.б.). Тарихтың тоталитарлық идеологияға бейімделуі:Ғ. Тоғжанов, С. Аспендияров, П.Галузо және т.б. Тоалитарлық саясаттың тарихқа үстемдігінің орнауы және тарихшылар: Х. Әділгереев, М. Вяткин, Ә. Марғұлан, Е. Бекмаханов.

**Кеңестік кезеңдегі қазақ және дүниежүзі тарихын оқыту жүйесі**

Кеңестік кезеңдегі дүниежүзі тарихын орта мектептерде оқыту жүйесі. Е.Б. Бекмахановтың орта мектепке арналған «Қазақстан тарихы оқулығы». Т.Т. Тұрлығұлов және оның орта мектепте тарихты оқыту туралы еңбектері. Қазақ ССР-де қазақ және дүниежүзі тарихын оқыту туралы. Тәуелсіздік кезеңіндегі тарихты оқыту жүйесін өзгерту.

**Тарих ғылымының ХХ ғ. П-жартысында дамуы және біржақтылықтары**

Қазақ жерін орыс отарлауы туралы зерттеулер: Апполова, Е. Бекмаханов, Т. Шойынбаев.

XYIII-XX ғ. басындағы қазақтардың экономикалық тарихы туралы еңбектер: Б. Сүлейменов, П. Галузо, Ц. Фридман. Әлеуметтік тарихтың зерттелуі: М. Асылбеков, А.Нүсіпбеков, Ә. Тұрсынбаев, Ж. Жұмабеков,Р. Сүлейменов, Б. Төлепбаев. Кеңестік кезең тарихын зерттеу бағыттары

**Тәуелсіздік кезеңдегі жаңа тарихи көзқарастар**

Алаш қайраткерлері туралы зерттеулер: К. Нұрпейіс, М. Қойгелдиев. Антропологиялық және демографиялық еңбектер: О. Ысмағұлов, М. Тәтімов. Ежелгі және ортағасырлық тарихқа жаңа көзқарас: Н. Мыңжан, К. Байпақов, З. Қинаятұлы,М. Әбусейтова, Б. Кәрібаев. Кеңестік кезеңнің біржақтылықтарының зерттелуі: Т. Омарбеков. Тәуелсіз тарихнамалық ой: Т. Омарбеков, Т. Төлебаев, О. Мұхатова, Қ. Несіпбаева.

## «Тарихнама» пәні бойынша қорытынды емтиханды бағалау рубрикаторы

### СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША ОФЛАЙН

| **Критерий/ балл** | **ДЕСКРИПТОРЛАР** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Өте жақсы»** | **«Жақсы»** | **«Қанағаттанарлық»** | **«Қанағаттанарлықсыз»** | |
| | **90-100 % (27-30 балл)** | **70-89 % (21-26 балл)** | **50–69% (15-20 балл)** | **25–49% (8-14 балл)** | **90-100 % (27-30 балл)** |
| **1-сұрақ Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну 30 балл** | Сұрақтарға қажет жерде мысалдар келтіре отырып толық жауаптар берілген; Жауаптар сауатты ғылыми тілде баяндалған, барлық терминдер мен ұғымдар дұрыс қолданылған және дұрыс ашылған. | Сұрақтарға тұтастай дұрыс жауаптар берілді, бірақ принципті емес жеке дәлсіздіктер жіберілген. Курстың барлық бірдей терминдері дұрыс қолданылмайды, жеке қате мәлімдемелер және презентацияда грамматикалық / стилистикалық қателіктері бар. Жауаптар мысалдармен дұрыс көрсетілмеген. | Сұрақтарға жауаптар үзік-үзік түрде, дұрыс тұжырымдар мен қате тұжырымдар аралас. Тақырыпты толық ашу үшін курстың қажетті мазмұндық блоктары қамтылмайды. Студент жалпы оқу курсының тақырыбына назар аударады, бірақ нақты мәселелерді ашуда қиындықтарға тап болады. | Жауаптар сұрақтардың мазмұнына сәйкес келмейді. Оқу курсы үшін сұрақтардағы негізгі ұғымдар қате түсіндіріледі. | Сұрақтарға жауаптар жоқ; студент оқу материалының көп немесе маңызды бөлігін білмейді немесе түсінбейді. Қорытынды бақылау жүргізу ережелері бұзылған жағдайда. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2-сұрақ Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну таңдалған әдістеме мен технологияны нақты қолданбалы тапсырмаларға қолдану 30 балл** | Курстың технологиясы мен методологиясы білім алушыларды даярлау бағытының ерекшелігін ескере отырып, терең мағынада қолданылады; ғылыми ұғымдар қойылған тапсырмаға еркін қолданылады, содан кейін негізгі проблеманы логикалық және дәлелді түрде ашады; | Курстың әдіснамасы мен студенттің алған білімі әлсіз интеграцияланған және емтихан билетінде ұсынылған нақты практикалық тапсырмаларды шешуге бейімделген. Білім алушы жауаптары әлсіз құрылымдалған, жауапта маңызды емес нақты қателер бар, оларды өздігінен түзете алады; | Курстың құралдары үстірт қолданылады, мазмұны аз, жауапта нақты емес, презентация логикасы бұзылған, ұсынылған материалдың мағынасы жоқ, пәнаралық байланыстар туралы түсінік жоқ. | Пәннің маңызды бөлігін дұрыс қолданбайды, студент өз бетінше түзете алмайтын елеулі нақты қателіктер жібереді, емтихан мазмұны бойынша қосымша сұрақтардың көпшілігіне білім алушыға жауап беру қиынға соғады немесе дұрыс жауап бермейді. | Тапсырманы шешу және курсты түсіндіру үшін білімді қолдана алмау; жауап беру кезінде (бір сұраққа) 3-4-тен астам өрескел қателіктер жібереді, оны тіпті мұғалімнің көмегімен түзете алмайды; материалды толық игермеген. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. |
| **3-сұрақ Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, нәтижені негіздеу 40 балл** | Белгілі бір тақырып бойынша әдістер мен технологияларды интеграциялау, негіздеу және талдау, жауапты құрылымдау, емтихан билеті мәселесі бойынша қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің, бағыттардың 5 ережесін талдау қабілетінің болуы, жауаптар | Курстың әдістері мен технологияларын қолдануды интеграциялау және талдау, білімді жаңғырту кезінде елеусіз қателіктер жібере отырып, ғылыми ұғымдарды қолдану арқылы өз ойларын бекіту үшін көрнекі материалдарды қолдану; емтихан билеті сұрақтары бойынша | Курстың заңдылықтары мен принциптерінің үстіртін негіздемесі, оқу бағдарламасына сәйкес материалдың негізгі көлемін және жетекші сұрақтардың талабымен әлсіз қолдану; оны өз бетінше орындауда қиындықтар туындауы. | Курстың әдістері мен технологияларын қолданудың негізділігі мен талдауының болмауы, репродуктивті сипаттағы сұрақтарға жауап беру кезінде қиындықтың көрінісі. | Мысалдар келтірген кезде курс әдістерін қолдану қабілетінің болмауы; Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мысалдармен және көрнекі материалдармен, оның ішінде білім алушының өз тәжірибесінен суреттеледі; диалог жүргізу және ғылыми пікірталасқа түсу қабілетін көрсетеді. | қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің, бағыттардың 3-4 ережелерін талдау. | | | |

## Емтихан нәтижелерін бағалау критерилері

Студенттердің емтихан білімін бағалау критерилері:

«Өте жақсы» - мәселе толық баяндалған және сипаттау барысында: тарихи еңбектерге жан-жақты сипаттама берген; басты тұжырымдар мен қорытындылан айқындалған; оларға кешенді түрде талдау жасалған; мәселе көлемінде бірнеше еңбек пайдаланылған; студент өз көзқарастарын білдіре отырып, ұсыныстар жасаған.

«Жақсы» - мәселенің негізгі мазмұны ашылған, тарихи еңбектерге жүйелі талдау жасалған, басты тұжырымдар мен қорытындыларды айқындай алған. Бірақ өз көзқарастары мен ұсыныстары нақты және айқын емес, салыстырмалы талдау аз, қорытындылаушы пікірлері жалпылама жасалған.

«Қанағаттанарлық» - жауаптар жүйесіз, үстірт, негізінен оқу құралы көлемінде жазылған. Кешенді және салыстырмалы талдау жасалмаған, басты тұжырымдар мен қорытындылар айқындалмаған, өз көзқарастары мен ұсыныстары жазылмаған, бағдарлдамалық материал 50 пайыздан төмен игерілген, қателіктер де кездеседі, тарихи еңбектердің басылымы жарық көрген уақыты, кейде авторлары дұрыс көрсетілмеген.

«Қанағаттанарлықсыз» - жазылған жауап тақырыпқа тікелей қатысты емес, немесе басқа мәселеге арналған, бағдарламада көрсетілгендей тарихнамалық талдаудың орнына мәселенің тарихы баяндалған, таризи зерттеу еңбектері талданбаған, жауаптарында қателер орын алған.

**Емтиханға дайындалу үшін ұсынылатын әдебиеттер**


1. Артыкбаев Ж.О. Казахское общество: традиции и инновации. Караганды, 1993
2. Артыкбаев Ж.О. История Казахстана в Х1Х веке. Караганды, 1992
3. Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана. А., 1984
4. Мұхатова О.Х. Қазақстан тарихының тарихнамасы. А., 2016
5. Нұрпейісов К.Н. Алаш һәм Алашорда. А., 1994
6. Несипбаева К.Р. Англо-американская историография экспансии Российской империи в Средней Азии и Казахстане. А., 1998.
7. Есмағамбетов К.Л. Қазақтар шетел әдебиетінде. А., 1998.
8. Касымбаев Ж.К. История города Акмолы. А., 1995
9. Козыбаев И.М. Историография Казахстана: уроки истории. А., 1990
10. Қозыбаев М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты. А., 1991.
11. Қойгелдиев М. Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқайұлы. А., 1997.
12. Омарбеков Т.О. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. А., 2001
13. Омарбеков Т.О. Омарбеков Ш.Т. Қазақстан тарихына және тарихнамасина ұлттық көзқарас. А., 2002
14. Төлебаев Т.Ә. Қазақстандағы капиталистік қатынастар туралы мәселені ғылыми негізде зерттеудің қалыптасуы. А., 2001
15. Төлебаев Т.Ә. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы Қазақстанның ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібіндегі капиталистік қатынастар тарихнамасы. А., 2001
16. Төлебаев Т.Ә. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғ. басындағы Қазақстанға капитализмнің енуінің тарихнамасы. – А.: «Айдана», 2002. – 276 б.


**Онлайн түрінде қолжетімді (университет кітапханасы):**


1. Артықбаев Ж.О. Этнос және қоғам. Қарағанды, 1995.
2. Қасымбаев Ж.Қ. Хан Кене. А., 1993.
3. Төлебаев Т.Ә. Қазақстандағы капитализм: өткені мен бүгіні (тарихнамалық аспект). – А., 2014. – 250 б.
4. Төлебаев Т.Ә. XIX-XX-ғ. басындағы Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік дамуының тарихнамасы. – А., 2015. – 175 б.

5. Төлебаев Т.Ә. Қазақстан тарихы мен тарихнамасының өзекті мәселелері. А., 2016.

**Құрастырған,**
**т.ғ.д., профессор** **Т.Төлебаев**